

және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу. Жаңашыл процестердің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын жаңалықты қолдануы тиіс және де пән мазмұнының жанаруы оны оқушыларға игертудің әдістерін де жетілдіруді талап етеді [5, 137 б.]. Өйткені жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқу процесін дұрыс ұйымдастырып, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру төменде көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: берілген білімді сапалы, жүйелі меңгеру; білімнің өмірмен байланыстылығын сезіну; өзіндік жұмысты ғылыми тұрғыда орындау; тірек сызбалар құрастырып, өздігінен жоспар жасау; ғылыми-әдістемелік, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасай алу; модельдеу, жобалау әдістерін пайдалана алу [5, 142 б.]. Оқытудың озық технологияларын сабақта тиімді пайдалану оқушыларды сабақ процесі барысында өздігінен жұмыс істеуге үйретеді, оқу-танымдық іс-әрекетін арттырады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/>

2. Шегенова З., Жанисов А. Проблемы и перспективы школьного исторического образования в условиях обновления содержания среднего образования // Открытая школа. - №3 (154). 2016

3. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында тарих пәнін оқыту тұжырымдамасы / Өзірлеушілер мен құрастырушылар: Алпысбес М.А., Әбіл Е.А., Әдиет Қ.Б., Сатанов А.Б. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021. – 30б. 4. Джаркинбаева Г. Критериалды бағалау – оқушы мүмкіндігін арттыруға жол ашады. Электрондық ресурс: <https://bilimainasy.kz/>

5. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. -260 б.

## **ТАРИХ САБАҒЫНДА ЭКСКУРСИЯ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Шайжанова Ғ.К.,** оқытушы

«Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі, ЖММ  
Балқаш қ., Қазақстан

Оқуды қызықты іс-әрекетке айналдыру, студенттерді қызметтің түрлі түріне жұмылдыру, олардың танымдық белсенділігін арттыру, қабілеттерін дамытуға экскурсия сабақтары мүмкіндік береді. Мұндай сабақтарда студенттер оқу мен шынайы өмірді өзара байланыстырып, табиғи жағдайда құбылыстар мен оқиғаларды зерттейді. Көрнекілік, қолжетімділік, ғылымилық, теория мен тәжірибенің байланысы – осы дидактикалық принциптер экскурсия сабағында іске асады.

Экскурсия (лат. *excursio* – сапар) – ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу және т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық болып табылады. Экскурсияның мазмұны зерттеу нысанына байланысты. Тақырыбы бойынша мәдени-тарихи, ғылыми жаратылыстану, өндірістік, өлкетану экскурсиялары болып бөлінеді. Экскурсияны оқу жүйесіне байланысты оқу орындарында жиі пайдаланады. Экскурсия білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге бейімдейтін оқу-бағдарламалық және оқу орнынан тыс экскурсиялар болып бөлінеді. Экскурсияның негізіне оның ақпараттық бөлімі, қоршаған ортамен байланысы, ғылыми мәні, білім алушылардың бір-бірімен байланысы, оның идеялығы сияқты бөлімшелерді құралады.

«Экскурсия» сөзі айналымға ХІХ ғасырда енген. Алғашқыда «әскери шапшандық» деген мағынада қолданылды, кейін сөз мағынасы «серуенге шығу», «жорық», саяхаттау деген ұғымдарға ауысқан.

Жеке пән ретінде де оқу үрдісіне кейін енгізіледі. Яғни, пән ретінде дамуы

педагогика, өлкетану, мұражайтану, туризмнің дамуымен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар, оқу-білім беру ісінің белгілі мамандары экскурсияны оқу процесінің белсенді түрі ретінде санаған. Экскурсия бастапқы кезде оқу орындарында белгілі бір пәндердің бағдарламаларына енгізіліп, табиғатқа шығу, айналамен танысу сипатында өткізілген. Кейін оқу экскурсияларымен қатар оқудан тыс экскурсиялар да жолға қойыла бастаған.

Экскурсия — білім арудың негізгі формасы. Экскурсиялардың түрлі қоғамдық қатынастарда, мемлекеттің түрлі кезеңдерінде де өзіндік орны болған. Сол себепті экскурсия өткізген уақыты бойынша емес, тақырыбы бойынша жүйеленген. Экскурсияның тарихи, кәсіптік, табиғи, архитектуралық, әдеби сияқты бірнеше түрлері бар.

Оқу бағдарламасына сәйкес экскурсияның үш түрі болады:

- Кіріспе экскурсия, жана тақырыпты өтер алдында жүргізіледі. Мысалы, Қазақстан тарихының «Мәдениеттің дамуы» бөлімінің «Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері» атты алғашқы сабақты мұражайдың мәдениетке арналған залында өткізуге болады. Студенттер материалдық мәдениет, қолданбалы өнер ұғымымен, түрлерімен тікелей танысуға мүмкіндік алады.

- Белгілі тақырып бойынша экскурсия. Мысалға, ««Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары» тақырыбы мұражайда немесе алаштық зиялыларға арналған ескерткіш маңында.

- Қорытынды экскурсия, тарау немесе курс бойынша алған білімдерді жүйелеп, қорытындау. Мұражайда, тарихи орындарда, тарихи-мәдени ескерткіштер және т.б. орындарда өткізуге болады.

Қызықты және тиімді, мазмұнды сабаққа дайындық әрқашан көп уақытты талап етеді. Оқытушы экскурсия сабағының мақсаты мен міндеттерін нақты айқындап, соған сәйкес мазмұнын ойластыруы қажет.

Экскурсия нысандары қол жетімді, жеңіл және тез баратын болуы жөн. Танымдық құндылығы жоғары және қызықты болғаны дұрыс. Ең маңыздысы, қауіпсіздік шаралары болып табылады.

Оқытушы алдын ала сабақты өткізу жоспарын тыңғылықты әзірлеп, қандай әдістер қолданатынын, білім алушыларды танымдық әрекетке қалай қызықтырып, белсенді қабылдауларын іске асыруға болатынын анықтап алуы керек. Яғни, әртүрлі дерек көздерін пайдаланып, материалдар әзірлеу, экскурсия маршрутын жасау, экскурсия нысандары туралы шағын қызықты ақпарат даярлау, әртүрлі тапсырмалар жасау.

Жоспарланған экскурсия маршрутымен алдын ала жүріп өту маңызды болып табылады. Бұл, өз кезегінде:

- маршрут бойынша жылдам бағдар алуға;  
- уақытты есептеуге, студенттер үшін экскурсия уақыты екі сағаттан артық жүргізілмеуі ұсынылады;

- нысандармен танысып, қажеттілік жағдайында өзгерістер енгізу үшін қажетті болып табылады.

Экскурсия мұражайда, галереяда және т.б. орындарда болса да, оқытушы алдын ала сол жерлерге барғаны дұрыс. Егерде экскурсия сабағын экскурсия жетекшісі (экскурсовод) өткізетін болса, онымен алдын ала қандай мәселеге назар аударуы қажет екендігін шешіп алу қажет.

Экскурсия сабағының құрылымы кәдімгі сабақ құрылымымен ұқсас.

1. Ұйымдастыру және білімді белсенді және саналы түрде меңгеруге дайындау бөлімі. Оқытушы білім алушыларға сабақтың тақырыбы, мақсат-міндеттерімен, экскурсияның негізгі сұрақтары, нысандарымен таныстырып, қауіпсіздік ережесін еске салады. Бұл кезеңде сонымен қатар, оларға таратпа сұрақтарын беріп, сабақ барысында немесе соңында жауап беруі туралы тапсырма беруге болады.

2. Білімнің өзектілігі. Экскурсия тақырыбына қатысты негізгі ұғымдарды, жағдайларды еске түсіру.

3. Тікелей экскурсия бөлімі. Бұл бөлімде студенттер тек қана көрермен және тыңдаушы ретінде ғана емес, белсенді қатысушы болған дұрыс: сұрақтар қою, негізгі ұғымдарды жазып алу, зерттеу (көру, бақылау және т.б.).

4. Білімдерді жалпылау және жүйелеу, рефлексия. Алынған білімдерді жалпылау және жүйелендіру, ең маңыздысын белгілеу. Студенттер алған әсерлерімен бөлісіп, пікірлерін айтады.

5. Қорытындылау. Оқытушы студенттердің жұмыстарын бағалап, үй тапсырмасын береді: фотоесеп жасау, қабырға газетін дайындау, эссе, реферат жазу, презентация жасау және т.б. Ең қызықты деген жұмыстарды колледждің сайтында, инстаграмм парақшасына ата-аналар мен топ студенттерімен бөлісуге болады.

Экскурсия нысаны сабақтың мақсат, міндеттеріне сәйкес таңдалады. Әр оқу орнында өз мұражайы болғандықтан, сабақты сол жерлерде де өткізуге әбден болады.

Қала ішіндегі тарихи ескерткіштер мен көрнекті жерлерді зерттеуде квест ойыны түрінде экскурсия сабақтарын өткізуде қызықты болып табылады. Ең бастысы уақытын есептеп, қызықты да танымды маршрут жасау.

Танымды да қызықты ақпараттарды мұражайлардан алуға болады.

Экскурсия нысандары театр, оқу орындары, өндірістік, ауыл шаруашылық және көлік өндірістері болуы мүмкін. Әрине, туған өлкенің табиғаты да экскурсия нысанына жатады.

Егерде қажетті экскурсия нысандарына баруға мүмкіндік болмаса, виртуальді экскурсия көмегіне жүгінуге болады. Бүгінгі таңда әлемнің барлық мұражайларының сайтында осындай жағдай жасалған. Яғни, компьютерлік технологияның арқасында дүнежүзі тарихы бойынша әлемнің кез келген нүктесінде болуға мүмкіндік бар.

Кей жағдайларда экскурсия сабағында қойылған мақсатқа қол жеткізілмеуі мүмкін, оған орын алған төмендегідей кедергілер әсер етуі мүмкін:

- Оқытушы көрсетудің орнына әңгімелеуге көп назар аударуы. Көрнекілік принципінің бұзылуы. Мүмкіндік болса, студенттердің өзі бақылап, көріп, ұстап көру мүмкіндігі. Әрине, бұл шыны астында тұрған мұражай экспонаттарына қатысты емес. Жүз рет айтқанша, бір рет көрген жақсы.

- Нысандарды көрсету логикасының бұзылуы, хронологияның сақталмауы, бірізділіктің болмауы. Бұл өз кезегінде ақпаратты қабылдауды қиындатады.

- Нысандардың жеке-жеке көрсетілуі, өзара байланыстың болмауы. Калейдос сияқты болып, бәріне ортақ белгіні табу мүмкінділігі төмендетіледі.

- Студенттер – пассивті білім алушылар, танымдық қызметке қатыстырылмайды. Осындай жағдай орын алмауы үшін оқытушы алдын ала экскурсия сабағының мазмұнына сәйкес сұрақтар мен тапсырмалар әзірлеп, олардың алдына нақты мақсат қойып, міндеттерін түсіндіру қажет.

Экскурсия сабағы – сабақтың және сабақтан тыс оқу формасының тиімді түрі. Ол теория мен тәжірибені, оқу мен өмірді байланыстырады.



«Қасиетті Бектау ата: ғажайып сырға тұнған мекен» экскурсия сабағы



«Ұлы Отан соғысының қаһарманы – Т. Бигелдинов» тақырыбына арналған экскурсия сабағы. Бұл ескерткіштің ашылу рәсімінде Т. Бигелдинов қатысқан.



Балқаш қалалық тарихи мұражайында өткен экскурсия сабағынан сурет

## ТРЕНДЫ В СРЕДНЕМ ОБРАЗОВАНИИ

**Шах Л.А.**, учитель истории  
Школа-лицей № 101  
г. Караганда, Казахстан

Ведущие тренды в будущей сфере образования представлены не только поиском новых подходов в обучении, но и новых ролей для каждого участника в образовательном процессе. Влияние пандемии Covid-19 определяет тенденции влияния не только на общество будущего, но и образовательной системы в 21 веке. Новейшие образовательные тренды будущего активно внедряются в школах и высших учебных заведениях мира.

Хочу поделиться с ТОП-10 технологий, которые вошли в нашу жизнь всерьез и надолго. Данные тенденции имеют важность в образовательной среде:

Непрерывное обучение (Lifelong Learning)

Тотальная цифровизация

МООК-массовые открытые онлайн-курсы

Геймификация

Технологии VR и AR

Проектная работы

Scrum и Agile -технологии

Адаптивное обучение

Интегральный подход

Чат-боты и изменение роли преподавателя.

Для современной молодежи характерно клиповое мышление, приверженность к развлекательному контенту, Tik-Tok, технологиям, которые больше не совместимы с трансляционной парадигмой образовательного поля, где учащиеся пассивно получают информацию.

Первую позицию в рейтинге трендов образовательного поля будущего отводим непрерывному обучению, или Lifelong Learning. Без него невозможно представить жизнь современной личности в условиях меняющегося мира. Поток информации растет с огромной